

## Электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығын ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 24 ақпандағы № 137 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 27 наурызда № 10550 тіркелді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 994 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 293) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

**Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 17.01.2025 № 22-н/к (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

1. Қоса беріліп отырған Электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығын ұйымдастыру қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Электр энергетикасы департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспасөз басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің ресми интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастыруын;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 2) және 3) тармақшаларымен көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Министр*

*В. Школьник*

Қазақстан Республикасы  
Энергетика министрінің

## **Электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығын ұйымдастыру қағидалары**

**Ескерту. Қағида жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 01.07.2023 № 252 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

#### **1-параграф Ұғымдар аппараты**

1. Электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығын ұйымдастыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 994 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 293) тармақшасына сәйкес әзірленді және электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығын ұйымдастыру тәртібін айқындайды.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 17.01.2025 № 22-н/к (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) бағаны көтеруге арналған сауда-саттық әдісі – орталықтандырылған сауда саттықты өткізу әдісі, онда мәміленің бағасы ең жоғарыдан бастап сатып алуға өтінімдердің бағалары бойынша анықталады;

2) жеке кабинет – мамандандырылған қолжетімділік түрінде орталықтандырылған сауда нарығының операторы ұсынған электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектісінің және электрондық сауда жүйесіндегі электр энергиясын бірыңғай сатып алушының цифрлық жұмыс орны;

3) майнингтік баға – цифрлық майнинг бойынша қызметті жүзеге асыратын электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектісі электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан электр энергиясын тиісті сағатқа сатып алатын цифрлық майнерлер үшін электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығының нәтижелері бойынша айқындалған баға;

4) мәміле бағасы – энергия өндіруші ұйымдар үшін электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығы барысында айқындалған электр энергиясының бағасы;

5) оқуға өтінім – электр энергиясының орталықтандырылған сауда түрін көрсете отырып, электрондық сауда жүйесінде жұмыс істеу бойынша өз персоналын оқыту ниеті туралы электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектісінің жазбаша өтініші;

6) орталықтандырылған сауда нарығы операторының қызметкері – электр энергиясының орталықтандырылған сауда нарығы операторының жауапты қызметкері, электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығын және онымен байланысты барлық процестерді ұйымдастыруға және жүргізуге құқылы;

7) сараланған график – сауда-саттыққа қатысушылардың өтінімдерінде мәлімделген бағалар бойынша өтінімдерінің бір тәртіпке келтірілген тізімі;

8) сауда сессиясы – сауда-саттыққа қатысушылардың сауда-саттық сессиясына қатысуға өтінімдер беруі жүзеге асырылатын процесс;

9) сауда сессиясына қатысуға өтінім – бұл электр энергиясын сатып алу (сату) мақсатында орталықтандырылған сауда-саттыққа қатысу үшін электрондық сауда жүйесіндегі сауда-саттыққа қатысушы қалыптастыратын, электр энергиясының бағасы, көлемі және техникалық параметрлері бар ақпарат;

10) сауда-саттық қорытындылары туралы хабарлама – орталықтандырылған сауда нарығының операторы әзірлеген, өткізілген электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығының нәтижелері бойынша жасалатын құжат;

11) сауда-саттыққа қатысушы – электр энергиясының орталықтандырылған сауда нарығына қатысуға шарт жасасқан және орталықтандырылған сауда нарығы операторының электрондық сауда жүйесінде тіркеуден өткен Қазақстан Республикасы электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектісі;

12) сауда-саттыққа қатысушының операторы – электрондық сауда жүйесіндегі жұмыс бойынша орталықтандырылған сауда нарығы операторынан оқитудан өткен және электрондық сауда жүйесіне қол жеткізе алатын, электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығына қатысуға байланысты ақпаратты енгізуге құқылы сауда-саттыққа қатысушының жауапты қызметкері;

13) сауда-саттыққа қатысушы оператордың жұмыс орны – сауда-саттыққа қатысушының жауапты қызметкерінің электрондық сауда жүйесіне, оның ішінде жабдыққа қойылатын талаптарға сәйкес жарақтандырылған сауда-саттыққа қатысушы оператордың жеке кабинетіне кіру жүзеге асырылатын орын;

14) сервердің жауап беру уақыты – орталықтандырылған сауда нарығы операторының электрондық сауда жүйесінің сервері мен сауда-саттыққа қатысушы оператордың жұмыс орны арасындағы жауап беру уақыты, миллисекундтарда;

15) техникалық ақау – ақпараттық жүйенің бағдарламалық-аппараттық кешенінің немесе оның жекелеген компоненттерінің жоспарланбаған уақытша істен шығуы (авариялық тоқтату, жадтың мазмұнын бұзу, аппараттық-бағдарламалық қамтамасыз ету ресурстарының шамадан тыс жүктелуі және қабылданған технологияны айтарлықтай бұзатын және жүйенің бағдарламалық жасақтамасының штаттық режимде жұмыс істеуіне мүмкіндік бермейтін басқа жағдайлар), бір немесе бірнеше қатысушылардың ақпараттық жүйені пайдалану мүмкіндігінің болмауына әкеп соқтырды;

16) уәкілетті орган – электр энергетикасы саласындағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

17) цифрлық майнер – цифрлық майнинг жөніндегі қызметті жүзеге асыратын дара кәсіпкер немесе заңды тұлғалар;

18) цифрлық майнерлер үшін электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығында жасалған мәмілелер тізілімі – цифрлық майнинг бойынша қызметті жүзеге асыратын тұлғалар цифрлық майнерлердің электр энергиясымен орталықтандырылған сауда-саттық қорытындылары бойынша іріктелгенін растайтын орталықтандырылған сауда-саттық нарығының операторы жасайтын құжат;

19) цифрлық майнерлерге арналған квота – цифрлық майнерлер үшін электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығын жүргізу үшін жүйелік оператор айқындаған электр энергиясының сағаттық көлемі (бұдан әрі – квоталар);

20) электр энергиясының орталықтандырылған сауда нарығы – майнерлер мен энергия өндіруші ұйымдар үшін электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығында электр энергиясын сатып алу-сатуға арналған ұйымдастырылған сауда алаңы.

21) электр энергиясының орталықтандырылған сауда нарығына қатысу шарты – электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектісі электр энергиясын бірыңғай сатып алушы және орталықтандырылған сауда нарығы операторы арасында электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығына қатысу туралы жасалатын жазбаша шарт;

**22) алып тасталды - ҚР Энергетика министрінің 08.04.2024 № 152 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

23) электрондық құжат – ақпарат электрондық-цифрлық нысанда ұсынылған және электрондық цифрлық қолтаңба арқылы куәландырылған құжат;

24) электрондық құжат айналымы жүйесі (бұдан әрі – ЭҚЖ) – қатысушылары арасындағы қатынастар осы Заңмен және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерімен реттелетін электрондық құжаттар алмасу жүйесі;

25) электрондық сауда жүйесі – электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығын жүргізуді қамтамасыз ететін орталықтандырылған сауда нарығы операторының ұйымдастырушылық, техникалық, бағдарламалық компоненттерінің кешені;

26) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық таңбалар жиынтығы;

27) энергия өндіруші ұйымдар үшін электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығында жасалған мәмілелер тізілімі – энергия өндіруші ұйымдар үшін электр

энергиясымен орталықтандырылған сауда-саттық қорытындылары бойынша мәмілелер жасасуды және мәмілелерді тіркеуді растайтын орталықтандырылған сауда-саттық нарығының операторы жасайтын құжат;

28) энергия өндіруші ұйымның электр энергиясының сату бағасы – электр энергиясын өткізетін энергия өндіруші ұйымдардың тиісті тобына енгізілген энергия өндіруші ұйымның электр энергиясын сату бағасының оның электр энергиясына шекті тарифінен аспайтын, Заңның 12-1-бабының 2-тармағында уәкілетті орган белгілеген тәртіппен айқындалатын тиісті сағаттық мөлшерлемелерге көбейтілген сомасы.

Осы Қағидаларда пайдаланылатын өзге де ұғымдар мен терминдер Қазақстан Республикасының Электр энергетикасы саласындағы заңнамасына сәйкес қолданылады.

**Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Энергетика министрінің 08.04.2024 № 152 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

## **2-параграф. Электрондық сауда жүйесіне қол жеткізу**

3. Электр энергиясының орталықтандырылған сауда нарығына қол жеткізу шарттары:

1) электр энергиясының орталықтандырылған сауда нарығына қатысу шартын (бұдан әрі – Қатысу шарты) орталықтандырылған сауда нарығының операторымен жасасу;

2) электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектісін электр энергиясын бірыңғай сатып алушыны орталықтандырылған сауда нарығы операторының электрондық сауда жүйесінде тіркеу;

3) Заңның 5-бабының 70-1) тармақшасына сәйкес энергия өндіруші ұйымда көтерме сауда нарығы субъектісі мәртебесінің және уәкілетті орган бекіткен электр энергиясына шекті тарифтің болуы;

4) цифрлық майнинг жөніндегі қызметті жүзеге асыратын адамдарда (бұдан әрі – цифрлық майнерлер) көтерме сауда нарығы субъектісі мәртебесінің және цифрлық майнинг жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензиялардың болуы;

5) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес орталықтандырылған сауда-саттыққа қатысушы – электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектісінің сауда-саттық операторының жұмыс орнының техникалық құралдары мен бағдарламалық компоненттерінің құрамымен көзделген техникалық талаптарды орындау.

4. Қатысу шартын жасасу үшін электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілері электр энергиясын бірыңғай сатып алушы орталықтандырылған сауда

нарығының операторына осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттық нарығына қатысу шартын жасасу үшін хат жолдайды және мынадай құжаттардың көшірмелерін ұсынады:

1) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің көшірмесі (заңды тұлғалар үшін);

2) қосылған құн салығы бойынша есепке жеткізу туралы куәліктің көшірмесі (заңды тұлғалар үшін);

3) Жарғының көшірмесі немесе Үлгі жарғы негізінде өз қызметін жүзеге асырғаны туралы растау хаты (заңды тұлғалар үшін);

4) басшы лауазымына тағайындау туралы қатысушы (лар) шешімінің көшірмесі (заңды тұлғалар үшін);

5) қажет болған жағдайда Қатысу шартына қол қоюға құқығы бар тұлғаға (заңды тұлғалар үшін) бұйрықтың (сенімхаттың) көшірмесі;

6) екінші деңгейдегі банктен банктік деректемелерді растайтын құжаттар (анықтамалар) (заңды тұлғалар үшін);

7) жеке куәліктің көшірмесі (жеке кәсіпкер үшін);

8) дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің немесе хабарламаның көшірмесі (дара кәсіпкер үшін);

9) цифрлық майнинг бойынша қызметті жүзеге асыруға лицензияның көшірмесі (цифрлық майнерлер үшін).

Бұл ретте электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілері (бұдан әрі – ЭКН субъектісі) электр энергиясын бірыңғай сатып алушы орталықтандырылған сауда нарығының операторына электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттық нарығына Қатысу шартын жасасу үшін хат береді және осы Қағидалардан туындайтын талаптар мен міндеттемелерді өздеріне ерікті негізде қабылдайды.

5. Орталықтандырылған сауда нарығының операторы шарт жасасу барысында ұсынылған сауда-саттыққа қатысушының құжаттарын өтініш берілген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қарайды.

6. Ұсынылған құжаттар топтамасына өзгерістер енгізу қажет болған кезде орталықтандырылған сауда нарығының операторы ұсынылған құжаттарды уақтылы түзету және толықтыру үшін оның электрондық мекенжайына хабарлама жіберу арқылы бұл туралы сауда-саттыққа қатысушыны жазбаша хабардар етеді.

7. Сауда-саттыққа қатысушы осы Қағидалардың 4-тармағына сәйкес құжаттардың толық емес топтамасын немесе оқылмайтын құжаттарды ұсынған кезде, сондай-ақ осы тармаққа сәйкес алынған ескертулер жойылмаса, орталықтандырылған сауда нарығының операторы тіркеуден бас тартады, бұл туралы орталықтандырылған сауда нарығының операторына жүгінген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде бас тарту себебін көрсете отырып, сауда-саттыққа қатысушыны электрондық пошта арқылы хабардар етеді.

8. Осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша электр энергиясының орталықтандырылған сауда нарығына Қатысу шартын жасасу үшін хат алғаннан кейін орталықтандырылған сауда нарығының операторы 5 (бес) жұмыс күні ішінде ЭКН субъектісіне электрондық цифрлық қолтаңба арқылы қол қою үшін Қатысу шартын жібереді.

9. ЭКН субъектісі электр энергиясын бірыңғай сатып алушы 5 (бес) жұмыс күні ішінде орталықтандырылған сауда нарығы операторының электрондық сауда жүйесінде электрондық цифрлық қолтаңба арқылы Қатысу шартын қарайды және қол қояды.

Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын ескере отырып, қағаз жеткізгіште Қатысу шартын ресімдеу және жасасу телекоммуникация желілері болмаған не орталықтандырылған сауда нарығы операторының электрондық сауда жүйесі жұмыс істемеген жағдайларда ғана жүзеге асырылады. Бұл жағдайда Қатысу шартына қол қою мерзімі 10 (он) жұмыс күнін құрайды.

Орталықтандырылған сауда нарығының операторы жоғарыда көрсетілген мерзімдерде қол қойылған Қатысу шартын алмаған кезде ЭКН субъектісі электр энергиясын бірыңғай сатып алушы Қатысу шартының жаңа жобасын ресімдеу және қайта қарау және оған қол қою үшін осы Қағидалардың 4-тармағына сәйкес жаңартылған құжаттар топтамасын ұсынады.

10. Қатысу шартында:

1) шарттың мәні;  
2) нарық операторы көрсететін орталықтандырылған сауда қызметтерінің түрлері;  
3) ЭКН субъектісіне электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығына қатысу және осы Қағидаларға сәйкес электрондық сауда жүйесіне жіберу үшін қойылатын өлшемшарттар мен талаптар;

4) Қатысу шартының талаптарын бұзғаны үшін Қатысу шартына қатысушылардың жауапкершілігі.

11. Орталықтандырылған сауда-саттықты өткізу жөніндегі қызметті ЭКН субъектісі орталықтандырылған сауда-саттықта жасалған мәмілелер көлемінен төлейді. Сауда жүйесінің дайындығын қамтамасыз ету жөніндегі қызметті ЭКН субъектілері Қазақстан Республикасындағы электр энергиясын генерация-тұтынудың нақты теңгеріміне сәйкес электр энергиясын босатудың/тұтынудың жоспарлы көлемдерінен төлейді. Бірыңғай сатып алушы энергия өндіруші ұйымдар үшін электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығында сатып алынған электр энергиясының көлемінен сауда жүйесінің дайындығын қамтамасыз ету жөніндегі қызметке ақы төлейді.

12. Тіркеуден өту үшін ЭКН субъектісі:

1) орталықтандырылған сауда-саттықта электрондық сауда жүйесінде тіркеу деректерін толтырады;

2) алып тасталды - ҚР Энергетика министрінің 08.04.2024 № 152 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ескерту. 12-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Энергетика министрінің 08.04.2024 № 152 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13. Орталықтандырылған сауда нарығының операторымен Қатысу шартын жасасқаннан кейін сауда-саттыққа қатысушы ерікті негізде электрондық сауда жүйесінің бағдарламалық қамтылымымен жұмыс істеу бойынша нұсқамадан өтеді. Ол үшін сауда-саттыққа қатысушы орталықтандырылған сауда нарығының операторына оқытуға жіберілетін қызметкерлердің тізімін ұсынады.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 08.04.2024 № 152 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

14. Орталықтандырылған сауда-саттыққа арналған дербес парольдерді электрондық сауда жүйесінде сауда-саттыққа қатысушының операторлары дербес жасайды. Сауда-саттыққа қатысушы оператордың электрондық сауда жүйесіне рұқсатсыз қол жеткізуді болғызбау мақсатында дербес парольдерді жария етуге немесе оларды үшінші тұлғаларға беруге құқығы жоқ.

15. Сауда-саттыққа қатысушыға интернет-шолғышта электрондық сауда жүйесін ашуға, өз шотына кіруге және орталықтандырылған сауда-саттыққа тек бір құрылғыдан және бір қойынды арқылы қатысуға, сауда-саттық сессиясына электрондық сауда жүйесіне қатысу үшін өтінімдерді автоматты түрде беру үшін үшінші тарап бағдарламалық жасақтамасын пайдаланбауға, вирустық қолтаңбалардың жаңартылған дерекқорлары бар антивирустық бағдарламалық жасақтаманы пайдалануға кеңес беріледі.

### **3-параграф. Сауда-саттық түрлері**

16. Электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығы орталықтандырылған сауда нарығы операторының электрондық сауда жүйесінің интернет-ресурсында Интернет желісін пайдалана отырып, жасырын, қашықтықтан жүргізіледі.

17. Электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығы мыналардан тұрады:

1) цифрлық майнерлер үшін электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығы;

2) энергия өндіруші ұйымдар үшін электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығы.

18. Цифрлық майнерлер үшін электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығын өткізу рәсімі мыналарды қамтиды:

1) электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан әрбір цифрлық майнер бойынша алдын ала төлем сомалары туралы ақпаратты автоматты режимде алу;

2) жүйелік оператордан Қазақстан Республикасы біртұтас энергия жүйесінің (бұдан әрі – ҚР БЭЖ) аймақтары бойынша квота көлемі, "Солтүстік-Оңтүстік" электр беру желілерінің қалдық өткізу қабілеті туралы ақпарат алу;

3) цифрлық майнерлердің сауда сессиясына қатысуға өтінім беруі;

4) сауда-саттық бағалары мен көлемін есептеу;

5) нарық операторының атауын, сатып алу бағасын және электр энергиясының көлемін көрсете отырып, квота және алдын ала төлем көлеміне енген жеңімпаздар тізілімін жасауы;

6) квота көлеміне енген жеңімпаздар тізілімін электр энергиясын генерация-тұтынудың тәуліктік кестесіне енгізу үшін Жүйелік операторға беру;

7) цифрлық майнерлер үшін орталықтандырылған сауда-саттық қорытындылары бойынша цифрлық майнерлер сатып алған электр энергиясының көлемдерін электр энергиясын генерация/тұтынудың бекітілген тәуліктік кестесіне енгізу туралы жүйелік оператордан растау алу;

8) нарық операторының цифрлық майнерлер үшін орталықтандырылған сауда нәтижелері туралы цифрлық кеншілер мен электр энергиясын бірыңғай сатып алушыны хабардар етуі.

19. Энергия өндіруші ұйымдар үшін орталықтандырылған сауда-саттықты өткізу рәсімі мыналарды:

1) жүйелік оператордан ҚР БЭЖ-нің әрбір энергия торабы бойынша операциялық тәуліктерде қолжетімді сағаттық мәндер туралы электр энергиясын сатудың ең аз және ең жоғары рұқсат етілген көлемдері туралы ақпаратты, ҚР БЭЖ аймақтары бойынша электр энергиясын тұтынудың сағаттық шамалары туралы ақпаратты және сатуға шығарылатын қуаттардың сағаттық көлемдерін көрсете отырып, энергия өндіруші ұйымдардың тізімін алуды;

2) энергия өндіруші ұйымдардың станция/блок (агрегат) жұмысының техникалық параметрлерін көрсете отырып, энергия өндіруші ұйымдар үшін электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығына қатысуға өтінім беруді (бұдан әрі – өтінім);

3) орталықтандырылған сауда-саттық бағалары мен көлемін есептеуді;

4) орталықтандырылған сауда нарығы операторының электр энергиясының атауын, бағасын және көлемін көрсете отырып, энергия өндіруші ұйымдар үшін электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығында жасалған мәмілелер тізілімін жасауды;

5) энергия өндіруші ұйымдар үшін электр энергиясымен орталықтандырылған сауда-саттықта жасалған мәмілелер тізілімін жүйелік операторға беруді;

6) энергия өндіруші ұйымдар үшін орталықтандырылған сауда-саттық қорытындылары бойынша энергия өндіруші ұйымдардың электр энергиясының

сатылған көлемін электр энергиясын генерация/тұтынудың бекітілген тәуліктік кестесіне енгізу туралы жүйелік оператордан растау алуды;

7) энергия өндіруші ұйымдардың орталықтандырылған сауда нарығы операторының және электр энергиясын бірыңғай сатып алушының энергия өндіруші ұйымдар үшін орталықтандырылған сауда-саттық нәтижелері туралы хабарламасын қамтиды.

**Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 17.01.2025 № 22-н/қ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

#### **4-параграф. Орталықтандырылған сауда нарығы операторының функциялары**

20. Электр энергиясының орталықтандырылған саудасын ұйымдастыруды жүзеге асыру мақсатында орталықтандырылған сауда нарығының операторы:

1) цифрлық майнерлер үшін электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығын ұйымдастыруды және өткізуді жүзеге асырады;

2) энергия өндіруші ұйымдар үшін электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығын ұйымдастыруды және өткізуді жүзеге асырады;

3) ЭКН субъектілерінің электр энергиясының орталықтандырылған сауда нарығына қол жеткізуінің тең жағдайларын қамтамасыз етеді;

4) ЭКН субъектілерінің осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкестігін айқындайды;

5) электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығында электр энергиясын сатып алу-сату бойынша жасалған мәмілелерді тіркеуді және есепке алуды жүзеге асырады;

6) ЭКН субъектілерін өз құзыреті шегінде орталықтандырылған сауда-саттықта қалыптасқан электр энергиясына индикативтік бағалар бойынша ақпаратпен және басқа да нарықтық ақпаратпен қамтамасыз етеді;

7) электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығын өткізуге тұрақты дайындықта электрондық сауда жүйесін қолдайды;

8) сауда-саттыққа қатысушы операторларға электрондық сауда жүйесіндегі жұмыс бойынша нұсқама жүргізеді;

9) электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығын ұйымдастыруға және өткізуге байланысты мәселелер бойынша жүйелік оператормен және электр энергиясын бірыңғай сатып алушымен өзара іс-қимыл жасайды;

10) жүйелік оператор ұсынатын нақты теңгерім деректері бойынша электр энергиясын өндіру-тұтынудың нақты көлемі туралы нарықтық ақпаратты ұсынады;

11) сауда-саттыққа қатысушылар, энергия өндіруші ұйымдар мен бірыңғай сатып алушының берген өтінімдері (беру күні мен уақыты, бағасы, көлемі) туралы ақпаратты және сауда-саттық нәтижелерін (мәмілені жасасу күні мен уақыты, бағасы, көлемі,

құны, мәміле тараптары) қамтитын электр энергиясы мен қуаты сауда-саттығының қорытындыларына ашық қолжетімділікті қамтамасыз етеді;

12) жүйелік оператормен келісуден кейін өзінің интернет-ресурсында сауда-саттыққа қатысушылар, берілген өтінімдер (берілген күні мен уақыты, бағасы, көлемі) туралы және сауда-саттық нәтижелері (күні, бағасы, көлемі, құны, мәміле тараптары) туралы ақпаратты қоса алғанда, орталықтандырылған сауда-саттық туралы ақпаратты күн сайын жариялайды.

**Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 17.01.2025 № 22-н/қ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

21. Орталықтандырылған сауда нарығының операторы Қазақстан Республикасының Электр энергетикасы саласындағы, кәсіпкерлік саласындағы заңнамасының және азаматтық заңнаманың талаптарына сәйкес электр энергиясымен орталықтандырылған сауда-саттықты өткізу барысында жасалған мәмілелер тізілімінде мәмілелерді тіркеуді жүзеге асырады.

22. ҚР БЭЖ жұмыс істеген кезде Жүйелік оператордың ақпараты бойынша энергожүйе аймақтары бойынша бөлек, орталықтандырылған сауда нарығының операторы энергожүйенің әрбір аймағы үшін бөлек орталықтандырылған сауда-саттық жүргізеді. Қазақстан Республикасының бірыңғай энергия жүйесінің аймақтары бойынша орталықтандырылған сауда-саттықты бөлек өткізуді осы Қағидаларға сәйкес орталықтандырылған сауда нарығының операторы жүзеге асырады.

#### **5-параграф. Электр энергиясының орталықтандырылған сауда нарығында сауда сессиясына қатысуға өтінімдер беру тәртібі**

23. Сауда-саттыққа қатысушылар электрондық сауда жүйесіне электр энергиясын сатуға (сатып алуға) арналған сауда-саттық сессиясына қатысуға өтінім береді. Сауда сессиясына қатысуға өтінімдер беру сауда сессиясы ашылған сәттен бастап және сауда сессиясына қатысуға өтінімдерді қабылдау уақыты аяқталғанға дейін жүргізілуі мүмкін. Бұл ретте электр энергиясын бірыңғай сатып алушы сауда-саттық сессиясына қатысуға электрондық сауда жүйесіне сатып алуға(сатуға) өтінім бермейді.

24. Сауда сессиясына қатысуға өтінімдерді сауда саттыққа қатысушы электрондық сауда жүйесінде сауда саттыққа қатысушының жеке кабинетіне қол жеткізудің кілті ретінде сауда саттыққа қатысушының паролін пайдалана отырып сауда саттыққа қатысушы тікелей орталықтандырылған сауда нарығы операторының электрондық сауда жүйесінде қалыптастырады.

25. Сауда-саттыққа қатысушыларға сауда-саттық сессиясына қатысуға өтінімдер беру Интернет желісін пайдалана отырып жүзеге асырылады. Сауда сессиясына

қатысуға өтінім беру уақыты сауда сессиясына қатысуға өтінім миллисекундқа дейінгі дәлдікпен орталықтандырылған сауда нарығы операторының электрондық сауда жүйесінің серверіне келіп түскен сәтте тіркеледі.

Сауда-саттыққа қатысушылар сауда-саттық сессиясына қатысуға өтінім беру кезінде сервердің жауап беру уақытын ескеруі керек. Сервердің жауап беру уақыты орталықтандырылған сауда нарығы операторының электрондық сауда жүйесінің сервері мен сауда-саттыққа қатысушы оператордың жұмыс орны арасындағы байланыс пен маршруттау сапасына байланысты ондаған миллисекунд ішінде өзгеруі мүмкін.

26. Сауда саттыққа қатысушының сауда сессиясына қатысуға өтінімдерді сауда саттыққа қатысушының операторы дербес қалыптастырады.

27. Сауда-саттыққа қатысушы сауда-саттық сессиясына қатысуға берілген өтінімдегі деректердің дұрыстығы мен дұрыстығын, сондай-ақ жұмыс орнындағы ақпараттық қауіпсіздік және деректерді қорғау ережелерінің сақталуын қамтамасыз етеді.

28. Сауда-саттыққа қатысушы өз қалауы бойынша сауда-саттық сессиясының уақыты аяқталғанға дейін сауда-саттық сессиясына қатысуға бұрын берілген өтінімді сауда-саттық сессиясына қатысуға жаңа өтінім беру жолымен өзгерте алады, бұл ретте сауда-саттық сессиясына қатысуға берілген әрбір жаңа өтінім сауда-саттық сессиясына қатысуға бұрын берілген өтінімнің күшін жояды. Бұл ретте электр энергиясының жүйелік операторынан алынған станцияның жиынтық көлемі түзетуге жатпайды.

29. Осы Қағидаларға сәйкес ресімделген сатып алуға/сатуға арналған сауда сессиясына қатысуға өтінімді электрондық сауда жүйесіне беру оның сауда-саттық сессиясына қатысуға өтінімінде көрсетілген бағалар бойынша электр энергиясын сатып алуға/ сатуға мәміле жасасуға оны берген сауда-саттыққа қатысушының келісімінің қажетті және жеткілікті куәлігі болып табылады.

**Ескерту. 29-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 08.04.2024 № 152 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

30. Цифрлық майнерлердің сауда сессиясына қатысуға сатып алуға өтінімдер беруі алдын ала төленген сомалар көлемінде жүзеге асырылады.

Цифрлық майнерлер электр энергиясын бірыңғай сатып алушыға операциялық энергияның алдындағы тәуліктің сағат 8:00-ден (Астана уақыты бойынша) кешіктірмей алдын ала төлем жасайды. Алдын ала төлем көлемін осы субъект электр энергиясын сатып алудың жоспарланған көлеміне және ол үшін осы көлемдерді сатып алудың рұқсат етілген ең жоғары бағасына сүйене отырып дербес айқындайды.

31. Экспорттық (импорттық) операцияларға арналған электр энергиясын Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес сауда-саттыққа қатысушы кедендік ресімдеуге тиіс.

## **2-тарау. Электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығын ұйымдастыру және өткізу тәртібі**

### **1-параграф. Цифрлық майнерлер үшін электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығын ұйымдастыру және өткізу**

32. Цифрлық майнерлер үшін электр энергиясының орталықтандырылған сауда саттығы күн сайын өткізіледі.

Сауда сессиясының ұзақтығы операциялық сессияның алдындағы тәуліктің 09-30-дан 10-00-ге дейін (Астана уақыты бойынша) 30 минутты құрайды.

33. Жүйелік оператор орталықтандырылған сауда нарығының операторына операциялық тәуліктің алдындағы тәуліктің сағат 09:15-ке (Астана уақыты бойынша) дейінгі мерзімде ЭЦҚ көмегімен жүйелік оператор қол қойған мынадай ақпаратты автоматты режимде ұсынады:

1) ҚР БЭЖ аймақтары бойынша сатып алуға бір сағаттық қуат көлемі бар цифрлық майнерлер үшін квоталар;

2) "Солтүстік-Оңтүстік" электр беру желісінің қалдық өткізу қабілеттілігінің көлемі.

Ақпаратты автоматты режимде жіберу мүмкіндігі болмаған кезде жүйелік оператор жоғарыда көрсетілген ақпаратты цифрлық түрде орталықтандырылған сауда нарығы операторының электрондық поштасына жібереді.

Жүйелік оператор тарапынан ұсынылатын деректерді кідірткен немесе түзеткен немесе электрондық сауда жүйесі дайын болмаған кезде сауда сессиясын ашуды жоспарлау жоғарыда көрсетілген ақпаратты алғаннан немесе электрондық сауда жүйесінің әзірлігін қалпына келтіргеннен кейін 10 (он) минуттан кешіктірілмей жүргізіледі.

**Ескерту. 33-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 17.01.2025 № 22-н/қ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

34. Электр энергиясын бірыңғай сатып алушы автоматты режимде орталықтандырылған сауда нарығының операторына сауда-саттық өткізілетін күнгі сағат 09-15-ке дейінгі мерзімде (сауда сессиясы басталғанға дейін) цифрлық кеншілердің алдын ала төлем сомалары туралы ақпарат береді. Алдын ала төленген сомалар бойынша ақпарат электрондық цифрлық қолтаңбаның көмегімен электр энергиясын бірыңғай сатып алушының қызметкері қол қойған цифрлық түрде беріледі.

Алдын ала төлем сомалары туралы ақпаратты автоматты режимде цифрлық түрде беру мүмкіндігі болмаған кезде электр энергиясын бірыңғай сатып алушы бұл ақпаратты электр энергиясын бірыңғай сатып алушының жеке кабинеті арқылы электрондық сауда жүйесіне дербес енгізеді.

Цифрлық майнерлерден алдын ала төлем сомалары туралы ақпаратты осы тармақта көрсетілген мерзімнен кейін орталықтандырылған сауда нарығының операторы қабылдамайды.

35. Цифрлық майнерлер үшін электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығы бағаны көтеру үшін сауда-саттық әдісімен жүргізіледі.

36. Осы Қағидалардың 33 және 34 тармақтарында көрсетілген ақпараттың негізінде орталықтандырылған сауда саттық басталғанға дейін орталықтандырылған сауда нарығының операторы электрондық сауда жүйесінде сауда сессиясының мынадай параметрлерін белгілейді:

- 1) орталықтандырылған сауда-саттықты өткізу күні мен уақыты;
- 2) электр энергиясын жеткізу күні;
- 3) ҚР БЭЖ аймағы;
- 4) бастапқы баға.

37. Цифрлық майнерлер үшін орталықтандырылған сауда-саттық ҚР БЭЖ-нің әрбір аймағы бойынша (Солтүстік, Оңтүстік, Батыс) немесе "Солтүстік-Оңтүстік электр беру желілерінің өткізу қабілетін ескере отырып (Солтүстік-Оңтүстік және Батыс аймақтар үшін бірлесіп) қатар жүргізіледі.

38. Сауда сессиясына қатысуға өтінімде мынадай деректер болуға тиіс:

- 1) өтінім нөмірі;
- 2) сауда-саттыққа қатысушының БСН (ЖСН);
- 3) орталықтандырылған сауда нарығының операторы берген сауда-саттыққа қатысушы ұйымның (немесе дара кәсіпкердің) қысқаша атауы;
- 4) сауда-саттық сессиясына қатысуға өтінім түрі (сатып алуға);
- 5) сатып алуға мәлімделген әрбір сағатқа электр энергиясының көлемі 0,001 мың кВт\*сағ еселікпен мың кВт\*сағ көрсетіледі;
